Баяндама тақырыбы: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ УНИВЕРСИТЕТІШІЛІК ЖОБАЛАРЫ -АУҚЫМДЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСТАУЫ

Баяндама мазмұны

1. Жас зерттеушілер кеңесінің құрылуы;
2. «Жас зерттеушілерге «ғылыми-әдістемелік көмек» көрсетілуі;
3. Жас ғалымдардың зерттеулерінің қаржыландырылуы;
4. Университетішілік ғылыми жобалардың нәтижелері (өз мысалымда).

1. Жас зерттеушілер кеңесінің құрылуы.

Жас зерттеушілер кеңесі 2022 жылдың 14-ші ақпанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің Ғылым департаментінің жанынан консультативтік ұйым болып қайта құрылды.

Кеңес қызметінің негізгі **мақсаты** - жас зерттеушілердің өзара тәжірибе алмасу алаңын құру және олардың ғылыми жұмыстарына ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ, университеттің, оның ішінде жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері мен еңбектерін насихаттау арқылы ғылымды танымал ету.

Кеңесті құру мынадай кезеңдерден тұрды:

1) Кеңесті құру және оның құрылымын жасақтау бойынша идеяны ұсыну;
2) Жас зерттеушілер кеңесінің Ережесін жасау;
3) Жас зерттеушілер арасында сауалнама жүргізу;
4) Сауалнама нәтижесін негізге ала отырып, Кеңес мүшелігіне үміткерлермен әңгімелесу;
5) Үміткерлерді таңдауына және мүмкіндіктеріне қарай комитеттерге бөлу;
6) Кеңестің алғашқы отырысын өткізу, кеңес мүшелерін бекіту, кеңес төрағасын және комитет жетекшілерін сайлау.

ҚазҰПУдың Жас зерттеушілер кеңесі мынадай 4 комитеттен тұрады.

Әр комитеттің атқаратын өз функциясы бар:

Ғылыми-әдістемелік комитет. Ғылыми-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, жас зерттеушілерге ғылыми-әдістемелік бағыттарда кеңес беру, жас зерттеушілердің зерттеулерін ынталандыруға және қалыптасқан мәселелерді шешуге байланысты ұсыныстар әзірлеу жұмыстарымен айналысады.

Ақпараттық комитет. Ғылыми ақпараттармен жұмыс жасау бойынша іс-шаралар өткізу және кеңес беру, Жас зерттеушілер кеңесі туралы университет

сайтына ақпарат беру, Кеңестің әлеуметтік желідегі парақшаларын жүргізу арқылы ғылымды насихаттау жұмыстарын орындайды.

Ғылыми этика комитеті. Ғылым этикасы және зерттеу мәдениеті бойынша іс-шаралар өткізу және жас зерттеушілердің арасында «ғылымдағы әдеп», «академиялық адалдық» принциптерін түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жас зерттеушілер арасындағы әлеуметтік-тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырумен айналысады.

Коллаборация комитеті. Отандық және шетелдік ұйымдармен және олардың Жас ғалымдар кеңестерімен байланыс орнату және бірлесіп жұмыс жасау, университетішілік ғылыми ұйымдарымен, оның ішінде студенттердің үйірмелермен жұмыс жасау, жастарға кәсіби бағдар беру және ғылымға тарту мәселелерімен шұғылданады.

2. «Жас зерттеушілерге «ғылыми-әдістемелік көмек» көрсетілуі;

Қазіргі кезде Жас зерттеушілер кеңесінің оқу ордасындағы көптеген ғылыми әдістемелік іс-шараларды өткізудің бастамашыл ұйымына айналғанын айта кеткен жөн.

Жас Зерттеушілер кеңесінің ұйымдастыруымен ақпан айынан бері 2 семинар, 4 вебинар, 2 тренинг және 1 жас ғалымдардың эссе байқауы, 1 оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауы ұйымдастырылды. Осындай іс-шаралар университеттегі ғылымның дамуына зор ықпал етуде.

3. Жас ғалымдардың зерттеулерінің қаржыландырылуы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жас зерттеушілердің зерттеу жұмыстарын қаржыландыру жұмыстаруға да мән беретінін мақтанышпен айта аламыз.

1) жыл сайын Абай атындағы ҚазҰПУ грантына жас зерттеушілердің ғылыми жобалар конкурсы өтеді. Осы конкурс аясында грантқа ие болған жобалар мен жалпы қаржыландыру көлемі мынадай болды:

- 2019 жылы -23 жоба – қаржыландырудың жалпы соммасы 26 700 000 теңге;
- 2021 жылы – 12 жоба – қаржыландырудың жалпы соммасы 28 50 0000 теңге;
- 2022 жылы -15 жоба - қаржыландырудың жалпы соммасы 30 000 000 теңгені құрады.

Постдокторлық зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға келер болсақ, университетімізде 2020 жылдан бастап, Постдокторантура бағдарламасы жұмыс істейді.

Осы бағдарлама бойынша:

- 2029 жылы 3 орын бөлінсе, оның 2-еуі жас ғалым;
- 2020 жылы 8 орынның 5-еуін жас ғалым;
- 2021 жылы 11 орынның 11-не де жас ғалымдар түскен.

Қазіргі кезде университет базасында Ғылым комитеті қаржыландыратын 9 ғылыми жоба Жас ғалымдарымыздың жетекшілігімен орындалуда.

4. Университетішілік ғылыми жобалардың нәтижелері (өз мысалымызда).

2021 университетішілік 1 жобаны, ағымдағы 2022 жылы 1 жобаны орындап жатырмыз. Осы бағыттағы зерттеуіміздің ауқымы кеңеюде. 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстан ұсынған жобамыз үздік деп танылып, қаржыландыруға ие болды.

Жобаның атауы	**Қаржыландыру жылы және көлемі**	**Зерттеу нәтижесі**	**Зерттеу ауқымының кеңеюі (зерттеудің жалғасы**
Жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясын оқытуда ГАЖ технологиясын пайдаланудың әдістемелік мәселелері»	2021 жыл, 1,5 млн теңге	1 КОКСОН мақаласы, 1 оқулық	AP13067931 «Жаңартылған мазмұндағы географияны оқытуда сандық геоақпараттық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздерін жасау (жоғары сыныптардың мысалында)» (2022-2024 жылдар, қаржыландыру көлемі 53 млн)
Болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыретін қалыптастырудың құрылымдық моделін жасау арқылы өлкетану іс-әрекетін ұйымдастыру	2022 жыл, 2 млн теңге	Scopus базасына кіретін журналда мақала (Geojournal of Tourism and Geosites, Q2)	

Өз сөзімді Қазақтың ұлы философ-ақыны Ұбайдың сөзімен аяқтағым келіп отыр. *«Тегінде адам баласы - адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық»*. Ғылымымен озған елге айналайық, құрметті әріптестер!.